

Санаткерлік меншік құқықтарын қорғау тұжырымдамасын мақұлдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 қыркүйек N 1249

Санаткерлік меншік құқықтарын тиімді қорғауды қамтамасыз ету, осы салада бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, туынды авторларының және басқа да құқық иеленушілерінің мүліктік мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Санаткерлік меншік құқықтарын қорғау

тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, екі айлық мерзімде Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі Бағдарламаны әзірлесін және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізісін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 26 қыркүйектегі
N 1249 қаулысымен
мақұлданған

Санаткерлік меншік құқықтарын қорғау тұжырымдамасы

1. Кіріспе

Санаткерлік меншікті қорғау жүйесі қазіргі кезде ұлттық инфрақұрылымның ажырамас бөлігіне айналды. Жиырма бірінші ғасыр санаткерлік экономика заманына айналады деп айтуға барлық негізі бар, шығармашылық қызмет және оны құқықтық қорғаудың сенімді жүйесі оның дамуында шешуші роль атқаратын болады. Қазақстан

Республикасы халықаралық мәдени және ғылыми-техникалық алмасудың толық құқықты қатысушысы ретінде Дүниежүзілік Санаткерлік Меншік Ұйымының (ДСМҰ) мүшесі бола отырып, қазақстандық, сондай-ақ шетелдік құқық иелерінің де қабылданған әлемдік стандарттарға жауап беретін деңгейдегі санаткерлік меншікке құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

Санаткерлік меншік құқығын қорғау саласындағы мемлекеттік саясат туындыларды жасау, санаткерлік қызметтің басқа да нәтижелері мен оларды техниканың және технологияның ең жаңа объектілерінде пайдалануды байланыстыратын буын болып табылады. Бұл ретте осы құқықтарды қорғау жүйесі:

республикада ғылыми-техникалық әлеуеттің нығаюына, шығармашылық қызметті ы н т а л а н д ы р у ғ а ;

жаңа технологияларды әзірлеуге және пайдалануға, бәсекеге қабілетті өнімді ш ы ғ а р у ғ а ;

инновациялық қызметтің дамуы үшін жағдай жасауға;

жаңа техникамен және технологиямен ішкі және халықаралық алмасу үшін жағдай жасауға, ғылыми-техникалық өнімнің рыногын қалыптастыруға;

адал бәсекелестікті қолдауға жағдай жасауға;

ішкі рынокты контрафактілік тауарлардан қорғауға, отандық өндірушілердің тауарлары мен қызмет көрсетулерін қолдауға;

қолайлы инвестициялық ахуал жасауға және ғылымды қажетсінетін әрі жоғары технологиялық өнімдерді шығаруға инвестицияларды тартуға;

жаңа жетістіктер мен талдамалар туралы ақпаратты қалыптастыруға және таратуға ы қ п а л е т е д і .

Санаткерлік меншік құқықтары жүйесінің тиімді жұмыс істеуі мемлекеттік органдардың қызметінде басым бағыттардың бірі болуы және осы салада мемлекеттік айқын қалыптастырылған ұлттық саясат негізінде жүргізілуі тиіс.

2. Санаткерлік меншік құқықтарын қорғаудың қазіргі жай-күйі

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының аумағында негізінен шетелден келіп түсетін контрафактілі өнімдердің таралғанын туралы атап өтуге тура келеді. Бірақ мұндай өнімдердің келіп түсуінің және таралуының алдын алу жөніндегі шаралардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасында санаткерлік меншік құқығын қорғау жөніндегі шаралар тиімділігі жеткіліксіз, осыған байланысты мемлекет тарапынан анағұрлым қатаң шаралар қабылдауды қажет етеді. Оларды қабылдау Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастықта санаткерлік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз етуші мемлекет ретінде оң бейнесін қалыптастыруға ықпал ететін болады. Тиісті құқық қолдану практикасының болмауы әсер етуде, бақылаусыздыққа жол берілуіде, қызметтің жеке түрлерін лицензиялау сияқты бақылау тетігі пайданылмауда.

Қазақстан Республикасында санаткерлік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз етуге тиіс мемлекеттік органдардың жүйесі құрылды. Алайда, бұл жұмысты тиімді іске асыру үшін барлық мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың өзара тығыз іс - қимылы қ а ж е т б о л а д ы .

Сонымен қатар, авторлық және сабақтас құқықтар, өнеркәсіп меншік объектілерін қорғау құжаттарын сараптау және беру жүйесі жолға қойылды, жоғары білікті патенттік сенімді өкілдердің штаты құрылуда. Мемлекет заңдық негізде өзінің атқарушы органдарының, мемлекеттік емес ұйымдарының іс-қимылын үйлестіреді, санаткерлік меншік объектілерінің құқық иеленушілері мен пайдаланушылары арасында өзара өркениетті қатынастардың қалыптасуына ықпал етеді.

Қазіргі кезде санаткерлік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі негізгі функциялар қолданыстағы Z990427_ заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің P010411_ Санаткерлік меншік құқықтары жөніндегі комитетіне және басқа да құзыретті органдарға берілді.

3. Санаткерлік меншік саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық шарттары

Қазіргі кезде 1992 жылы басталған санаткерлік меншік құқығын қорғау саласында заңнамалық база қалыптастыру жөніндегі жұмыс жан-жақты сипат алды. Тұтас бөлімі санаткерлік меншік құқығына арналған Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің K990409_ Ерекше бөлімін 1999 жылы қабылдау осы салада құқықтық реттеудің дамуының маңызды кезеңі болып табылады. Қазақстан Республикасында санаткерлік меншік құқығын қорғау қазіргі кезде мынадай заңдармен реттеледі:

Қазақстан Республикасының Азаматтық K941000_ кодексі;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтары туралы" Z960006_ Заңы;

Қазақстан Республикасының патент Z990427_ заңы;

"Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Z990456_ Заңы;

"Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Z990422_ Заңы;

"Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Z010217_ Заңы ;

1992 жылдан бастап өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғауға байланысты әртүрлі мәселелерді реттейтін бірқатар заң нормативтік актілер қабылданды.

Санаткерлік меншік құқықтарымен байланысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті көздейтін K970167_ Қылмыстық Кодекс пен Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы K010155_ кодекстің қабылдануы санаткерлік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз етудегі маңызды кезең болып табылады.

Қазіргі кезде Қазақстан ДСМҰ құрған 1967 жылғы 14 шілдедегі Конвенцияның

толық құқықты қатысушысы болып табылады. Z010201_

Қазақстан Республикасы авторлық құқық қорғау саласында Әдеби және көркем шығармашылықты қорғау туралы Берн Z980297_ конвенциясы (1886 жылғы) және Фонограмма жасаушылардың мүддесін олардың фонограммаларын заңсыз көшіруден қорғау туралы Z000054_ Конвенцияға (1971 жылғы) қосылды.

1993 жылғы 5 ақпандағы "Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы халықаралық шарттар туралы декларациясына" сәйкес Қазақстан ДСМҰ қамқорлығында қолданылатын бірқатар негізгі шарттардың, келісімдердің және конвенциялардың, соның ішінде:

1883 жылғы 20 наурыздағы Өнеркәсіптік меншікті қорғау туралы Париж конвенциясының;

1891 жылғы 14 сәуірдегі Халықаралық белгілерді тіркеу туралы Мадрид келісімінің;

1970 жылғы 19 маусымдағы Патент кооперациясы туралы шарттың толық құқықты мүшесі болып табылады.

4. Тұжырымдаманың мақсаттары мен міндеттері

Осы Тұжырымдаманың мақсаттары Қазақстан Республикасының аумағында санаткерлік меншік объектілерін тең құқықты пайдалану (сату) мен қорғау (сақтау) саласында мемлекеттік саясаттың негіздерін баяндау болып табылады.

Тұжырымдаманың негізгі міндеттері мыналар:
санаткерлік меншік құқығын қорғаудың барабар стандарттары мен

қағидаттарын, сондай-ақ, оларды жүзеге асыру жөніндегі тиімді құралдармен қамтамасыз ету;

ғылыми-техникалық прогресті, өнертапқыштықты және еркін бәсекені дамыту үшін жағдай жасау;

Қазақстан Республикасының санаткерлік меншік саласындағы экономикалық, технологиялық және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
санаткерлік меншік объектілерін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің пайдалануын кеңейту;

шағын кәсіпкерлік субъектілерінің санаткерлік меншік объектілеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету саясатын қалыптастыру кезіндегі мемлекеттің рөлін күшейту.

5. Санаткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары

Санаткерлік меншік құқығын қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың тұжырымдамасы елдің мәдени және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын дамыту жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік стратегиясын жүзеге асыруға жәрдемдесуге бағытталған.

Тұжырымдама мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:
санаткерлік меншік құқығының конституциялық кепілдіктерін сақтау;
санаткерлік меншік құқығын қорғау саласындағы халықаралық міндеттерді орындау;
ұлттық қауіпсіздік;
санаткерлік меншік саласындағы мемлекеттік қатынастарды реттеу;
санаткерлік меншік құқығы саласындағы құқықтық білімді насихаттау;
мемлекетті қоса алғанда барлық құқықтық қатынас субъектілерінің мүдделерін теңдестіру.

6. Санаткерлік меншік құқықтарын қорғауды дамытудың негізгі бағыттары

6.1. Санаткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру

Қазақстан Республикасының санаткерлік меншік саласындағы қазіргі кездегі қолданыстағы заңдары Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар мен конвенциялардың негізгі ережелеріне сәйкес келеді.

Авторлық құқық саласында Қазақстан Республикасының Авторлық құқық жөніндегі, орындау мен фонограммалар жөніндегі ДСМҰ-ның шарттарына, Орындаушылардың, фонограмма жасаушылар мен хабар таратушы ұйымдардың құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияға (1961 жылғы Рим конвенциясы) қосылуы жөніндегі жұмысты аяқтау қажет.

Биотехнологиялар саласындағы өнертабыстарды анағұрлым толық қорғауды қамтамасыз ету, дүниежүзілік патенттік қоғамдастықтың интеграциялық процестеріне белсенді қатысу және ұлттық патенттік заңнаманы үйлестіру үшін өнеркәсіптік меншік құқықтарын қорғау саласында мынадай халықаралық конвенциялар мен шарттарға қ о с ы л у қ а ж е т :

1977 жылғы 28 сәуірдегі "Патент рәсімінің мақсаттары үшін микроорганизмдерді депозиттеуді халықаралық тану туралы" Будапешт шарты;

1957 жылғы 15 маусымдағы "Белгілерді тіркеуге арналған тауарлар мен қызметтердің халықаралық классификациясы туралы" Ницца келісімі;

1968 жылғы 8 қазандағы "Өнеркәсіптік үлгілердің халықаралық жіктемесін жасау құру туралы" Локарно келісімі;

1971 жылғы 24 наурыздағы "Халықаралық патент жіктемесі туралы" Страсбург келісімі ;

1994 жылғы 27 қазандағы "Тауарлық белгілер жөніндегі заңдар туралы" шарт. Азаматтық кодексте аталған санаткерлік меншіктің қорғалатын барлық объектілері бойынша нормативтік құқықтық базаны қалыптастырудың аяқталуы мақсатында:

- санаткерлік меншіктің ЭЕМ-ге арналған бағдарламалары, фирмалық атаулар мен ашылмаған ақпарат, Интернеттегі құқықтарды қорғау сияқты құқықтық меншік объектілерін құқықтық қорғау мәселелерін;

- Қазақстан Республикасында жасалатын құпия өнертабыстармен айналысуды реттейтін заң кесімдерін әзірлеу және қабылдау қажет.

Б ұ д а н б а с қ а :

- кинематография шығармаларын пайдаланушылардың қызметін;

- атқарушы органдардың санаткерлік меншік құқықтарын қамтамасыз ету мәселелеріндегі қызметін ;

- тауарлық белгінің жалпыға белгілі болып танылуының өлшемдері мен тәртібін;

- селекциялық жетістіктерге патенттер беруге өтінімдерді құрастыру, беру және қарау тәртібін, сондай-ақ селекциялық жетістіктерді патенттеу үшін ақы төлеудің мөлшері мен тәртібін ;

- санаткерлік меншік объектілері бар тауарларды кедендік шекара арқылы өткізу үшін кедендік бақылау тәртібін реттейтін қажетті нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеуді және қабылдауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, мемлекеттік органдардың құзыретін белгілеу бөлігіндегі заңнамалық кесімдерді одан әрі жетілдіру т а л а п е т і л е д і .

6.2. Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдармен және шет мемлекеттермен ынтымақтастығы

Осының шеңберінде өнертабыстарды құқықтық қорғаудың аймақтық жүйесінің тұжырымдамасы әзірленген Өнеркәсіп меншігін қорғау мәселелері жөніндегі мемлекетаралық кеңеске қатысуы Қазақстан Республикасының халықаралық ынтымақтастығының маңызды саласы болып табылады, мұның өзі, сайып келгенде Қазақстан 1995 жылы бекіткен, Еуразиялық патент U952364_ конвенциясына қол қоюға қол жеткізді .

Қазақстан Республикасына ДСМҰ-ның бас директоры Камил Идрисінің 2001 жылғы ақпандағы сапары барысында Қазақстан Республикасы Үкіметі мен ДСМҰ арасындағы Ынтымақтастық P010303_ бағдарламасына қол қойылды. Бағдарламаның мақсаты: санаткерлік меншік саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын басқа

елдердің тәжірибесін және үйлесімнің халықаралық үрдістерін ескере отырып,
ж е т і л д і р у ;

санаткерлік меншік құқықтарының бұзылуын анықтау, жолын кесу және тыю мақсатында Қазақстан Республикасының санаткерлік меншік саласындағы құқық қолдану практикасын жетілдіру;

Қазақстан Республикасының аумағында әртүрлі шаруашылық субъектілері жүзеге асырып жатқан ғылыми, техникалық және экономикалық қызметтерін тиісті салаларында санаткерлік меншіктің рөлін күшейтуге бағытталған бірлескен іс-шараларды жүргізу болып табылады.

Аталған Бағдарламада көзделген барлық іс-шаралар кешенін толық іске асыру қ а ж е т .

ТМД елдерімен санаткерлік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық белсенді дамуда. 1993 жылы 24 қыркүйекте ТМД мемлекетінің басшылары қол қойған "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар саласындағы ынтымақтастық туралы" келісім қолданылуда. Қазақстан Республикасы, соның ішінде Ресей Федерациясымен, Қырғыз Республикасымен, Өзбекстан Республикасымен, Z990031_ Грузиямен, Z990026_ Әзірбайжан Республикасымен өнеркәсіптік меншікті қорғау мәселелері жөнінде бірқатар екіжақты үкіметаралық келісімдер жасады. Авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы ынтымақтастық хақында "Санаткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтың жолын кесу жөніндегі ынтымақтастық туралы" Z010201_ , "Жалған тауар белгілері мен географиялық көрсеткіштерді пайдаланудың алдын алу және жолын кесу жөніндегі шаралар туралы" Z010189_ , "Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласындағы мемлекеттік құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы" ТМД елдерімен жасалған Z010190_ келісімдерге қол қойылды және бекітілді.

6.3. Санаткерлік меншік құқықтарын қорғау саласында мамандар д а я р л а у

Көптеген жағдайда санаткерлік меншік құқықтарын қорғау жүйесінің тиімділігі аталған құқықтардың бұзылуына байланысты істерді соттардың және уәкілетті органдардың жылдам және білікті түрде қарауына байланысты болады.

Бұл ретте, санаткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесудің құқық қолдану тәжірибесі практикасы негізгі міндет б о л ы п т а б ы л а д ы .

Санаткерлік меншік құқықтарының бұзылуына байланысты істерді жылдам және білікті түрде қарауын қамтамасыз ету үшін Әділет министрлігі "Сот сараптамасы орталығы" мемлекеттік мекемесі сот сарапшыларының санаткерлік меншік объектілерін заңсыз пайдалану фактілерін анықтаумен байланысты сараптама жүргізу үшін қайта даярлау біліктілігін көтеру қажет.

Санаткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтармен күресті жетілдіру міндеті жаңа формациядағы мамандарды қажетсінуін көздейді. Кадрларды даярлау, оқыту және қайта даярлау да маңызды міндет болып табылады.

ЭЕМ-ның, деректер базасының бағдарламаларына құқықтарды қорғауға байланысты, сондай-ақ, Интернеттегі авторлардың және өнеркәсіп меншігі объектілерінің құқықтарын қорғауға байланысты істерді қарау судьялар үшін таныстығы шамалы сала болып табылады және қорғау объектілерінің ерекшелігіне қарай белгілі бір қиындықтар тудырады. Аталған санаттағы істердің тиімді қаралуы мақсатында санаткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы қолдану бөлігінде жұмыс істеп жүрген судьялардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз еткен ж ө н .

Санаткерлік меншік саласында мамандар даярлау жөніндегі міндеттерді шешу үшін Қазақстан Республикасының ДСМҰ-ға қатысушы ретіндегі артықшылығын, соның і ш і н д е :

мемлекеттік органдар мен коммерциялық ұйымдардың санаткерлік меншік саласындағы мамандарды, сондай-ақ оқытушыларды әкімшісі ДСМҰ болып табылатын бағдарламалар бойынша оқыту;

санаткерлік меншік саласындағы әртүрлі маманданған орталардың жалпы білім деңгейін көтеруге арналған теориялық және практикалық семинарлар мен симпозиумдарын бірлесіп ұйымдастыру;

оқыту әдістемелерін, оқу жоспарларын, бағдарламаларын, жетілдіру курстарын немесе арнайы мамандану курстарын және қашықтықтағы оқытуды бірлесіп әзірлеу артықшылықтарын неғұрлым белсенді түрде пайдалану керек.

6.4. Тұжырымдаманы іске асырудың тетіктері

Осы тұжырымдама санаткерлік меншік құқықтарының алдағы 5-7 жылдағы дамуы мен қорғалуын көздейді, орындалуы Қазақстан Республикасының атқарушы органдарына жүктелетін негізгі бағыттары мен міндеттерін айқындайды. Осы мақсаттарды іске асыру үшін:

санаткерлік меншік саласындағы заңнамалық, нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөнінде тұрақты жұмыс жүргізу;

санаткерлік меншік құқықтарының даму және қорғау перспективаларын ескеріп, тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі Бағдарламалар мен іс-шаралар жоспарын әзірлеу ;

санаткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелерімен айналысатын мамандарды нысаналы даярлау мен қайта даярлауды жүзеге асыру; екіжақты және көпжақты мемлекетаралық және ведомствоаралық шарттардың

негізінде санаткерлік меншік саласындағы жұмыс тәжірибесін алмасуды қамтамасыз ету;

нормативтік құқықтық құжаттарды қабылдау арқылы санаткерлік меншік құқықтарын қорғауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың бірлескен жұмысын күшейту;

бұл ретте халықаралық ұйымдар мен жекелеген инвесторлардың қаржы қаражаттарын тарта отырып, Тұжырымдаманың жекелеген ережелерін орындау үшін қаржыландыру көздерін белгілеу көзделеді.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.